

**«Білал Ата» бөбекжай балабақша мекемесінде
ата-анамен атқарылатын жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы**

№	Ата-аналар міндеті және құқығы	Уақыты	Атқарушы
Жиналыс №1			
1	Ата-аналарды балабақша күн тәртібімен таныстыру.	Қыркүйек	Тәрбиешілер Ата-аналар ұйымы
2	Ата-аналармен келісім шартқа отыру, келісім шарттың міндеттерімен танысу.		
3	Айгерім ересек тобының психофизиологиялық ерекшеліктері.		
4	Баяндама Бала тәрбиесіндегі Ана,бала және балабақша рөлі Адал азамат-ел болашағы		
Жиналыс №2			
1	Оқу-тәрбие жұмысындағы .Мониторинг.	Желтоқсан	Тәрбиешілер Ата-аналар ұйымы
2	Жаңа жыл мерекесіне дайындық.		
3	Ата-аналарға арналған тренингтер		
Жиналыс №3			
1	Оқу-тәрбие жұмысындағы.Әңгіме	Наурыз	Тәрбиешілер Ата-аналар ұйымы
2	8-наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі.		
3	22-наурыз-Ұлыстың ұлы күні		
4	«Алғашқы ұстаз-ата-ана» дөңгелек үстел		
Жиналыс №4			
1	Оқу-тәрбие жұмысының .Мониторинг.	Мамыр	Тәрбиешілер Ата-аналар ұйымы
2	Балабақшамен қоштасу.		
3	«Гүл шоғы» тренинг .		
4	Жазғы демалысқа дайындық.		

«Білал ата» бобекжай-балабақшасы ЖШС



Баяндама

Тақырыбы:

“Адал азамат – ел болашағы”

Орындаған: Садыкбекова Ж

Арыс ауылы 2025 жыл

Тақырыбы: “Адал азамат – ел болашағы”

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі жиналысымызда әрбір ата-ананы толғандыратын маңызды тақырып – баланы адалдыққа тәрбиелеу, адал азамат болып қалыптасуына жағдай жасау жайлы әңгімелескім келіп отырмын.

Адалдық – адамның ең асыл қасиеттерінің бірі. Қазақ халқы ежелден “Адалдық – адамдықтың белгісі” деп бағалап, баланы кішкентайынан шыншылдыққа, әділдікке, турашылдыққа баулып отырған.

Бала бойында адалдықтың ұрығы отбасынан себіледі. Үйдегі ата-ананың сөздері мен іс-әрекеті – бала үшін үлкен үлгі. Егер біз шыншыл болсақ, еңбегімізді адал атқарсақ, бала да осыны қайталайды.

Балабақшада біз балаларға достарына көмектесу, өз қателігін мойындау, еңбек ету, тәртіп сақтау арқылы адалдықтың мағынасын түсіндіреміз.

Бірақ бұл қасиеттің берік орнығуы үшін үйдегі тәрбие мен балабақшадағы тәрбиенің байланысы өте маңызды.

Ата-аналарға ұсыныс:

Баланың кішкентай жетістіктерін бағалап, мадақтап отыру.

Баланы шындықты айтуға үйретіп, өтірікке жол бермеу.

Өз іс-әрекеттеріңізбен үлгі көрсету – адал еңбек ету, уәденізде тұру.

Ертегілер, әңгімелер, мақал-мәтелдер арқылы адалдықтың маңызын түсіндіру.

Әділдікке баулу – ойын кезінде, үй тапсырмасында, тұрмыстық істерде.

Адал азамат болып өсу – тек баланың емес, бүкіл қоғамның бақыты.

Өйткені адал ұрпақ қана елдің ертеңін жарқын етеді.

Бала – біздің болашағымыз, ал болашақтың тұғыры – адалдық пен адамгершілікте.

Қорытындылай келе, қадірлі ата-аналар, әрбіріміз бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарап, баламыздың адал азамат болып өсуіне бірге атсалысайық!

«Білал ата» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС

Баяндама

Тақырыбы:

«Бала тәрбиесіндегі Ана, бала және балабақша рөлі»

Орындаған: Пернебай Акбота

Арыс ауылы 2025 жыл

Балабақшада ана мен баланың рөлі – бұл бала тәрбиесінде, оның психологиялық және әлеуметтік дамуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Ана мен баланың арасындағы қарым-қатынас, әсіресе балабақшада, оның тұлғалық дамуы мен қоршаған ортаға бейімделуіне үлкен ықпал етеді.

1. Ана рөлі:

Тәрбиелік және психологиялық қолдау: Баланың балабақшаға келуі көбінесе жаңа ортаға, жаңа адамдарға бейімделуді қажет етеді.

Анасы баласына алғаш рет жаңа ортаға кіруге қорқыныш пен күдік туғанда, оның жанында болып, оны қолдауы тиіс. Анасымен бірге жаңа күнге дайындалу, баланы ертеңгі күнге оң көзқараспен қарауға үйретеді.

Еркелету мен махаббат: Ана балаға махаббат пен қамқорлықтың үлгісін көрсетіп, оның қауіпсіздік сезімін арттырады. Бұл өз кезегінде баланың өзін-өзі бағалауын, сенімділігін жоғарылатуға көмектеседі.

Балаға бағыт-бағдар беру: Ата-ананың, әсіресе ананың, балаға өмір туралы алғашқы білімдер мен дағдыларды үйретуі өте маңызды. Анасы өз баласына адалдық, мейірімділік, еңбексүйгіштік секілді құндылықтарды үйретуі тиіс.

2. Бала рөлі:

Қоршаған ортаға бейімделу: Балабақшаға келетін бала жаңа ортада өз орнын табу үшін көп нәрсені үйренуі керек. Бұл жерде балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасай алуы, топпен жұмыс істей алуы, ортаға бейімделуі басты міндеттердің бірі.

Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Балалар балабақшада әлеуметтік дағдыларды – басқа балалармен ойнауды, оларға көмек көрсетуді, өз пікірін білдіруді және топпен әрекет етуді үйренеді. Бұл дағдылар күнделікті өмірде маңызды болып табылады.

Үйлесімділікке алғашқы қадамдар: Бала балабақшаға келгенде, ол өз бетімен киіну, тамақтану, ойыншықтармен ойнау сияқты қарапайым іс-әрекеттерді үйрене бастайды. Бұл анасы мен балабақша тәрбиешісінің бірлескен еңбегінің нәтижесі.

3. Ана мен баланың бірлескен рөлі:

Сенімді қарым-қатынас: Баланың өзін-өзі бағалауы мен психологиялық жағдайы, оның анасына деген сеніміне байланысты болады. Егер анасы баласына дұрыс бағыт-бағдар беріп, оған түсіністікпен қараса, бала психологиялық тұрғыда тұрақты болады.

Қоғамдық өмірге бейімделу: Балабақшада баланың жана ортаға бейімделуі үшін оның ата-анасы мен тәрбиешілері арасында байланыс орнауы қажет. Әрбір ана өзінің баласына қажетті ақпарат пен көмек алу үшін балабақша тәрбиешілерімен тығыз қарым-қатынаста болуға тиіс.

Үй мен балабақша арасындағы үйлесімділік: Баланың күнделікті өміріндегі тәртіптің біртұтастығы – маңызды. Ата-аналар мен тәрбиешілердің баланың дамуы туралы пікірлері мен ұсыныстары бірдей болуы керек. Бұл баланың тәрбие процесіне толық қатысуына мүмкіндік береді.

Қорытынды:

Балабақшадағы ана мен баланың рөлі өте маңызды. Анасы баланы бастапқы кезеңде тәрбиелеуде маңызды орында тұрса да, балабақша тәрбиешілерімен бірлесе отырып, бала әлеуметтік дағдыларды қалыптастырады. Бұл үйлесімді жұмыс бала тұлғасының толық қалыптасуына ықпал етеді.

Тәрбиелеудің осы бірлескен үдерісі ана мен баланың, сондай-ақ тәрбиешілердің біртұтас күш-жігерін қажет етеді.

Хаттама №1

04.09.2025 жыл

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 10

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Танысу. Топпен, топтың атауымен, тәрбиешілерімен.
2. 3-4 жас, 4-5 жас топ бағдарласымен таныстыру.
3. оқу іс-әрекет түрлерімен таныстыру.
4. Келісім шартқа отыру.
5. Ата-аналар төрайымын сайлау.

Тыңдалды:

1. Ата-аналар жиналысын меңгерушісі Ж.Кинатова ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Балабақшаға келген әрбір бала осы балабақшаны бітіріп кеткенге дейін осы үйдің туған бөбегіндей болып тәрбиеленеді, білім алады, жан-жақты дамиды, жетіледі. Балаларыңыз балабақшаға қабылданғаннан бастап тәрбиешілер олармен жеке жұмыс жүргізеді. Олардың тілін дамыту үшін, логикалық ойлауын, жан-жақты дамуын қалыпт астыру мақсатында түрлі дидактикалық ойындар мен жұмыстар жүргізіледі. Балабақшаның бекітілген күн тәртібі арқылы балалармен уақытылы жұмыстар жасалып отырады, яғни таңертеңгілік жаттығу, таңғы ас, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, серуен, түскі ас, түскі ұйқы, ұйқыдан ояну, бесінді асы, ойын түрлері- барлығы өз уақытымен өткізіліп отырады. Бұл топ балалары 4 пен 5 жас аралығында болғандықтан, «Айгерім» тобы. Тәрбиешілері Ж.Садықбекова және М.Дауренбекова. Пернебай А

2. Тәрбиеші Ж.Садықбекова ата-аналарға ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерімен таныстырды. Бұл топта 12 сағат ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өтеді, 4 сағат вариативтік компонент түрінде алып отырмыз.

3. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұзақтығы 15-20 мин. Тіл дамыту, Көркем әдебиет, айналамен таныстыру, бейнелеу өнері (мүсіндеу, сурет, жапсыру), құрастыру, Қарапайым математика, Қоршаған орта, экология, валеология, дене шынықтыру, Өзін-өзі тану, сонымен қатар вариативтік оқу іс-әрекеттер түрлері Сиқырлы математика, Қол еңбегі, бала тілін дамыту, аңылшын аптасына өтіліп отырады. Мерекелік ертеңгілігіміз өтіліп отырады. Мерекеде, әуез, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті жүргізіледі. Және де әр мереке сайын балаларға тақпақтар, өлеңдер, билер үйретіледі. Мерекеге сай балаларыңызды киіндіріп

жіберіп отырасыздар және де келіп көрулеріңізге де болады. Әр ата-ана өз пікірін айтты.

4. Тәрбиеші Ж. Садықбекова ата-аналарды балабақшаның келісім шартымен таныстырып, оны әр ата-анаға таратып берді. Келісім шарт балабақшаға келген күннен бастап өз күшіне енеді және де бір жылға ғана жарамды. Келісім шарттың барлық бөлігіндегі міндеттерді орындау екі жақтың да міндеті. Әр айдың 25-нен кейін балаларыңыздың тамақтануына төлемақыны уақытылы төлеп қоюға міндеттісіздер дей келе, ата-анаға балаларын балабақшаға 8.30-ға дейін әкеліп, кешкі сағат 18.00-ге дейін алып кетулерін, және де баланың үстін таза етіп әкелулерін ескертті.

4. Ата-аналарға ситуациялық сұрақтар қойылды. Әр ата-ана сауалға өз ойларын білдіріп, ортаға салды. Сұрақтарға ауызша жауап берді.

Ата-аналар арасынан бірауыздан ойласа келе, орталарынан қолы бос, жауапкершілігі мол ата-ана комитетін сайлады.

Олар: ата-ана комитетінің төрайымы: Ерденова Перизат
Мүшелері: Ескермесова Базаркүл
Елтаева Камшат

Жиналыс қаулы етті:

1. Балабақша күн тәртібі қатаң сақталсын.

2. Келісім шарттың барлық шарттары орындалсын.

3. Балабақша іс шараларына әр бала уақтылы қатыссын.



Хатшы: Абдрахманова Н. А.

«Білал ата» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС

БЕКІТЕМІН
«Білал ата» бөбекжай-балабақшасы»
ЖШС-нің меңгерушісі

Ж.Қынатова

20.09.2025 жыл



«Бала—отбасының айнасы» Дөңгелек үстел

Арыс ауылы

Тақырыбы: «Бала отбасының-айнасы»-дөңгелек үстел

Мақсаты: Ата-аналар арасында бала тәрбиесіне қатысты пікір таластыра отырып,

балаға деген махаббаттың күшін сезіндіру. Отбасы тәрбиесінде ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттырумен қатар, отанға, туған еліне деген патриоттық, сүйіспеншілік қарым- қатынасты нығайту.

Түрі: Дөңгелек үстел

Қатысушылар: Ата-аналар

Қажетті құрал-жабдықтар: жылулық сыйлайтын жүрекше,

Жүргізуші: Қош келдіңіздер, құрметті ата-аналар!

«Не ексең сол шығады, әрі мол шығады» деп әйгілі, атақты Ғабиден Мұстафин айтқандай, бала- отбасының айнасы. Демек, баланы отбасынан тануға болады, яғни ата-анасың бір- бірімен, ата-анасының баласымен қарым қатынасы қандай екенің өз көзқарасыңды қалыптастыруға болады.

-Міне, бүгін мен сіздермен, «Бала -отбасының айнасы» тақырыбында дөңгелек үстелді өткізгелі тұрмын.
Сіздерді ортаға шаттық шеңберіне шақырамын.

Шаттық шеңбері:

Дөңгеленіп тұрайық
Керегені құрайық.
Уықтар боп иіліп,
Шаңыраққа киіліп
Киіз үйді құрайық.

-Міне, сіздермен біз үлкен киіз үйді құрдық. Осы киіз үй сияқты біздің балабақшамыздың қабырғалары мықты болып, шаңырағы биік болсын дегім келеді.

1.Танысу:Бір шаңырақ иесі ретінде бір-бірімізбен жақынырақ танысайық. Мына үлгі бойынша: өз есіміңіздің алдына сын есім қосып айтасыз. Мысалы: мен

сымбатты Самалмын . Ал, мен ақкөңіл Нұржамалмын... Олай болса барлығымыз алдымызда тұрған мына үш түсті есікті тандап,орнымызға жайғасайық.

2. «Үш түсті –үш есік» -ата-аналарды дөңгелек үстел басына жайғастыру.

Құрметті ата-аналар бұл түсті есіктер жәй ғана есік емес, әр түсті есіктің сіздерге айтар өз кеңесі бар.

Сары түс-өте әсершіл, сезімтал, көпшіл, ерік-күші мол, қайсар түрлі идеяларға толы жандар. Бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарайсыздар.

Қызыл түс-бірбеткей, мақсат-мұратыңыз үшін күреске дайынсыз. Балаға қатал талап қоясыз. Ескертулеріңізді балаңызға мүмкіндігінше жұмсартып жеткізіңіздер.

Көк түс-ақкөңіл, байқампаз, табиғатқа құмар адамсыз. Бала тәрбиесіне жиі көңіл бөлгеніңіз дұрыс деп кеңес береміз.

3. Ата-аналар арасында пікірталас,ой салу

Ата-ана бала үшін үлгі тұтар адамы, өзін көретін айнасы. Сондықтан ата-аналар мен сіздерге мынадай сұрақтар қойғым келіп отыр. Әрбір ата-ана өз ойларын ортаға салып,пікірлерін білдірсе деймін.

1.«Баланың өскенде жақсы,өнегелі адам болып шығуына отбасынан алған тәрбиенің ықпалы зор» дегенде сіздің пікіріңіз?

2.Бала тәрбиесі үшін отбасы жауапкершілігі басым ба, әлде балабақша жауапкершілігі басым ба?

3. -Елбасы жыл сайынғы өзінің жолдауында жастардың патриоттық тәрбиесіне баса назар аударады.Елбасының тапсырмасымен 2016 жылғы 26 сәуірдегі Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» XXIV сессиясында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі әзірленіп, қабылданды.

- Отбасында баланың өз отанын сүйуге,туған жерге деген патриоттық сезімін ояту мақсатында осы «Мәңгілік ел»- идеясына көзқарастарыңыз қандай?

4. Ойын: «Адамгершілік - жылы жүректен»

Бала - ата - ананың жастық шағының айнасы. Баланың әр қимылынан кей кездерді өзіміздің де бейнемізді сеземіз. Себебі ол біздің бауыр етіміз, өн бойына өз жылуымыз бен қаталдығымызды құйып, баптап отырған гүліміз.

- Олай болса, құрметті ата - аналар, адамгершілік қағидаларын бала жүрегіне қалай сіңіреміз. Өз ойымызды мына тілшелерге жазып, бала жүрегіне апаратын жол жасайық.

(Ата - аналарға тілше қағаздар үлестіріледі. Ата - аналар өз ойларын үлкен жүрекшеден тақтада ілулі тұрған баланың бейнесіне қолдарындағы тілшелер арқылы жол табады.)

5. Дидактикалық ойын: «Отбасылық махаббат үйі»

Ал енді қазір сіздермен «отбасылық махаббат үйі » атты ойын өткіземін.
Балаларыңызға деген махаббатты анықтай аласыздар.

Әр адамның өз үйі бар, бірақ ол үй тек баспана ғана ретінде емес, сол үй өз отбасынды жақсы көріп және күтетін жер болу керек. Сондықтан сіздердің міндеттеріңіз жай ғана армандап жүрген үй салу ғана емес, ал сол жерде тұратын балаларға бақыт, махаббат, жылу, беретін үй салуларыңыз керек. Ол үшін ерекше материал қажет. Әрине даладағы жатқан тақтайлар емес, ал адамның негізгі қасиеттерімен саламыз.

Олар: парасаттылық, тапқырлық, махаббат, достық, түсінушілік.

Үстел үстінде кірпіштер жатыр. Соларды алып үй саласыздар, бірақ салғанда жай салмайсыздар, артында тапсырмалар жазылады соны орындай отырып үй құрамыз. Ойлануға бір екі минут беріледі.

1. «Парасаттылық» кірпіші

Ұстаз бен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты айту.

2. «Тапқырлық» кірпіші

«Тәрбие» сөзінің әрбір әрпінен балаңыздың мінезін сипаттаңыз.

3. «Махаббат» кірпіші

Мимика жест арқылы өзіңіздің балаға деген махаббатыңызды жеткізе көрсетіңіз.

4. «Достық» кірпіші

«Үй» деген сөзді қалай түсінесіз?

Мысалы: менің қорғанысым, күтетін жер, отбасылық ұйытқысы

5. «Түсінушілік» кірпіші

«Отбасы»-сіз үшін қандай мағына береді?

Мысалы: Менің ойымша отбасы - сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай Отан.

6. Қорытындылау. Үйіміз дайын, төртбұрыш ішіне баланың бақытты көңіл күйін жапсыру. Менің ойымша отбасы - бұл махаббат үйі, ал бала - бақыт. Сондықтан ата ана махаббаты балаңыздың өмірге деген құштарлығын, жолын ашады.

5. «Үй, жол, жылан, бокал, шалбар және орамал» диагностикасы

Үй - адамның өзін-өзі бағалау деңгейін көрсетеді.

Үйдің суреті кең әрі биік болса, онда бұл ата-ана өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары деп есептеуге тұрарлық. Үйдің есігі ашық болып немесе оның тұтқасы бар болатын болса, бұл жәйт ата-ананың қонақжай екендігін білдіреді.

12.12.2025 жыл

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 7

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы . Мониторинг.
2. «Қош келдің Жаңа жыл!» мерекесі.
3. Ата-аналарға арналған тренинг

Тыңдалды:

Ата-аналар жиналысын Ж.Кинатова ашып, ата-аналарды тәуелсіздік күнімен және де келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, жаңа жыл жаңа қуанышымен келуін тіледі.

Меңгеруші ата-аналарға балабақшаның күн тәртібін еске сала отырып, осы күн тәртібін қатаң түрде сақтауын өтінді. Яғни, балаларыңызды таңертеңгілік сағат 9-ға дейін алып келіп, таңғы жаттығуға қатыстыру керектігін айтты. Таңертеңгілік сағат 9-дан кешіккен баланы қабылдай алмаймыз деп ескертті, себебі әр топта 9-дан 10-20 минут кеткенде оқу іс-әрекеттері басталуы тиіс.

Топ тәрбиешісі Ж.Садықбекова топтағы балалардың үлгерімі мен тәртібін айтып өтті. Оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы өтілген оқу іс-әрекет барысындағы әр балалардың жеткен жетістіктерін айтты. Көптеген балалардың сандарды танып, есептеуді үйренгендерін, Әріптерді танып, оны оқып жазуды үйрене бастағандарын айтты. Топ тәрбиешісі ата-аналарға қыркүйек айындағы мониторинг нәтижесімен таныстырды. Жыл басындағы көрсеткіші төмен балалардың қазір біршама дәрежеге көтерілгенін айтты.

Топ тәрбиешілері балалардың жаңа жылдық ертеңгілікке дайындығын айтып, әр баланың мерекеге сәйкес киетін костюмдерін ата-аналарға тапсырды. Жаңа жылдық мерекені ата-аналардың келіп тамашалауына болатындығын айтты. Балалардың жаңа жылдық сыйлықтарын балабақша әкімшілігінен берілді.

Тәрбиешілер ата-аналарға арнап тест сұрақтарын қойды. Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарға жауап берді.

Қаулы:

1. Бала үлгерімінің жоғарылауына ата-ана да өз үлесін қоссын.
2. Жаңа жыл мерекесіне сәйкес әр балаға мерекелік костюм кигізілсін.



Төрайымы: П.Ерденова

«Білал ата» бобекжай-балабақшасы» ЖШС

БЕКІТЕМІН

«Білал ата» бобекжай-балабақшасы»

ЖШС-нің менеджері

Ж.Кинатова

26.03.2025 жыл



«Алғашқы ұстаз—ата-ана»

Арыс ауылы

«Алғашқы ұстаз-ата-ана»

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдыретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз ұрпағы.

Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол — бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындауына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Өстіп баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді.

Ата — ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт

біреудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-өыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шешег үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді. Сонда арақ пен темекінің зиянын қалай ұқтырамыз.

Негізінен жанұяның шырқы бұзылған, ата-анасы маскүнемдікке салынған немесе жарамдық жағынан азғынданған ортада бала, жасөспірім қашанғы жиренішті көріністі, ондағы айкай-шу мен дау-жанжалға, ұрыс-керіске шыдап жүре бермек. Басқа өмір аңсайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бақытсыз қыз, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен іздейміз?!

Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Кейде сабақты жиі қалдыруға әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырған аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау — ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала — әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.

Хаттама №3

16.03.2026жыл

Қатысқаны: 19

Қатыспағаны: 6

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы ІІ тоқсанның жетістігі және кемшілігі.Мониторинг.
2. 8-наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі.
3. 22-наурыз-Ұлыстың ұлы күні.
4. «Алғашқы ұстаз-ата-ана» дөңгелек үстел

Тыңдалды:

Топ тәрбиешілері аналарды, әжелерді 8-наурыз мерекесімен құттықтады.Бірінші мәселе бойынша, тәрбиеші М.Дауренбекова балалардың ІІ тоқсан жетістігімен таныстырды, мониторинг көрсеткіші бойынша әр баланың деңгейіне тоқталып өтті. Балалардың алғашқы оқу жылына қарағанда, деңгейі біршама көтерілген, яғни балалар өз еркімен киінуді, киімдерін ұқыпты етіп жинастыруды, сәлемдесуді, қоштасуды үйреніп, жақсы-жаман қасиеттердің ара жігін ажырата алуды меңгерді.Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау нормаларын үйренді.Өзінің атын, тұрмыстық заттар мен жануарлардың аттарын атайды.Тақпақтарды, қысқа өлеңдерді жатқа айтады.

Екінші мәселе бойынша, топ тәрбиешілеріата-аналарға көктем мезгілінің алғашқы айы -наурызда болғалы отырған екі арнаулы мерекеге балаларды дайындап жатқандарын айтып өтті. 8-наурыз мерекесі ертегі желісімен алынып, ертегі кейіпкерлеріне арнап костюмдердің тігіліп жатқанын айтты. Балалардың барлығы тақпақтар айтып, ән салып, би де билейді. Балаларыңызды мерекеге сай киіндіріп әкеліңіздер деп тапсырды.

22-наурыз-«Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне де балалардың ертеңгілік іс-шарасы болатынын және де балаларды ұлттық киімдермен әкелу керектігін айтып өтті.Балалар тақпақ, ән айтып, би билеп, өнер көрсетеді.Мерекеде балалар наурыз көжеден дәм татады. Наурыз мерекесіне ата-аналардың да қатысып көрулеріне болатынын айтты. Ата-ана пікірі тыңдалды.

Жиналыс соңында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді.
«Алғашқы ұстаз - ата-ана» атты тақырыпта ата-аналар арасында пікірталас жүргізілді. Әр ата-ана өз ойын ортаға салды. Пікірталас соңында, қорытынды есебінде тәрбиеші ата-аналарға «Алғашқы ұстаз – ата-ана» баяндама оқып берді.

Қаулы:

1. Топ балаларымен одан әрі қарай да жұмыс жасалсын.
2. Әр бала мерекеге сәйкес киіндірілсін.



Хатшы: *Абдаркенов Н.*

Төрайымы: П.Ерденова. *П.Ерденова*



ЖШҚ «Білім ынталық балалық бағдарламасы»

Менеджерісіз

Ж.Кинатова

26.05.2020 м.

Ата-аналар жиналысы

«Гүл шоғы» тренинг

Тренинг: «Гүл шоғы – жүректен шыққан жылу»

Мақсаты: Қатысушылар арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-біріне жылы лебіз білдіру, ынтымақтастық пен сыйластықты қалыптастыру.

Қатысушылар: Балабақша тәрбиешілері / ата-аналар

Көрнекіліктер: Түрлі түсті қағаздан жасалған гүлдер, гүл шоғына арналған ваза немесе плакат.

Тренинг барысы

1. Шаттық шеңбері «Жылы лебіз»

Қатысушылар шеңберге тұрады. Әр адам жанындағы адамға жылы сөз айтып, жақсы тілегін білдіреді.

Тәрбиеші:

– Гүл қандай әдемі болса, адамның жылы сөзі де сондай әдемі. Бүгін бір-бірімізге жақсы сөз айтып, көңіл-күйімізді көтерейік!

2. «Гүлді таңда» жаттығуы

Әр қатысушы өзіне ұнаған гүлді таңдап алады. Гүлдің түсіне қарай өзінің көңіл күйін сипаттайды.

Мысалы:

Қызыл гүл – қуаныш пен махаббат.

Сары гүл – жылулық пен достық.

Қызғылт гүл – мейірімділік.

Ақ гүл – тазалық пен бейбітшілік.

Күлгін гүл – шығармашылық пен ерекше көңіл күй.

3. «Гүл шоғы» негізгі тренингі

Әр қатысушы қолындағы гүлге бір жақсы қасиетін немесе балабақшадағы әріптесіне/ата-анасына айтқысы келген жылы тілегін жазады.

Мысалы:

- «Сізге мейірімділігіңіз үшін рақмет!»
- «Әрқашан көңіліңіз көтеріңкі болсын!»
- «Балаларға деген сүйіспеншілігіңіз арта берсін!»
- «Еңбегіңіз жемісті болсын!»

Содан кейін әр қатысушы өз гүлін ортақ вазаға немесе плакатқа орналастырады.

4. Қорытынды «Біртұтас гүл шоғы»

Барлық гүл бірігіп, әдемі гүл шоғын құрайды.

Тәрбиеші сөзі:

– Бір гүл – әдемілік, ал көп гүл – керемет гүл шоғы. Сол сияқты біз де бір-бірімізбен тату, сыйластықта болсақ, балабақшамыздың берекесі арта

түседі. Әрқайсымыздың жақсы сөзіміз бен жылы қарым-қатынасымыз балаларға да жақсы әсер етеді.

Қорытынды:

«Жылы сөз – жүрекке қуат береді. Бірлігіміз бекем, көңіліміз гүлдей жайнай берсін!» осымен бүгінгі оқу іс-әрекетіміз аяқталды.

Хаттама №4

26.05.2026жыл

Арыс ауылы

Қатысқаны: 21

Қатыспағаны: 4

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы III тоқсанның жетістігі және кемшілігі. Мониторинг.
2. Жазғы демалысқа дайындық
3. «Гүл шоғы» тренинг

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, топ тәрбиешісі Садыкбекова.Ж. ата-аналарды балалардың бір жыл бойғы алған білімдері туралы қорытындылады. Балалар балабақшадан көп нәрсені үйренді. Табиғатта өзін-өзі ұстау қарапайым мінез-құлық дағдыларын меңгерді, яғни көгалды таптамау, ағаш бұтағын сындырмау, гүлді жұлмау. Сөйлеу барысында әдептілік сақтайды. Өзінің сүйікті ертегілері мен әңгімелерін айтады. Ересектердің сұрақтарына толық жауап береді. Үстел басында өзін-өзі ұстау қарапайым ережелерін орындайды. Жақын адамдарына көмектесіп, қол ұшын беруді үйренді. Ата-аналардың пікірі тыңдалды.

Екінші мәселе бойынша, топ тәрбиешісі ата-аналарға жазғы демалыс туралы айтты. Балабақша жазғы күндері де жұмысын тоқтатпайды, жазда балалар көп уақытын серуенде өткізеді, сол себепті басына жазғы қалпақтары болсын. Жазда шынықтыру жұмыстары және іс-шаралар өткізіледі. Жазғы айларда балаларына демалыс алуларына да болатынын ескертті.

Үшінші тәрбиеші ата-аналармен «Гүл шоғы» деп аталатын тренинг өткізді. Тренингте ата-аналарға кішкене гүл шоқтары таратылып берілді, ата-аналар өздерінің гүл шоғына балабақшаға деген тілектерін, алғыстарын жазып, оны тақтада тұрған құмыраға әкеп жапсырды. Ең соңында, ата-ана мен тәрбиешінің біріккен жұмысының нәтижесі ретінде үлкен бір «Гүл шоғы» пайда болды.

Қаулы:

1. Балалар жазғы маусымға сай киіндірілсін.
2. Балалар балабақшадан себепсіз қалдырылмасын.

Хатшы: Абдрахманова К. 
Төрайымы: Ерденова Т. 

ҲАТТ АТА-АНА-ҚАУҢСІЗ БАЛАКАН















